


ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

2021 ж. қаңтар-қазан

8,7
ТРАН ТГ.



МЕТАЛЛ КЕНІН ӨНДІРУ – 104,1%

МЕТАЛЛУРГИЯ – 99%


- Добыча металлических руд
- Metallургическая промышленность

\$9,1 МЛРД



ЭКСПОРТ

ИМПОРТ 34,3%
отө 65,7%



НАРЫҚ


\$2,2 МЛРД



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. 9 айдағы деректер

ӨНІРЛЕР КЕСІНІНДЕ 2021 Ж. ҚАҢТАР-ҚАЗАНДАҒЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



2021 жылғы қаңтар-қазандағы тау-кен металлургия өнеркәсібі

2021 жылғы қаңтар-қазанда ҚР тау-кен металлургия саласында өндіріс көлемі 8,76 трлн. теңгені құрады, бұл, құндық көріністе 2020 жылғы осы кезеңнен 40,6% жоғары.

Тау-кен металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлесті **түсті металлургия** құрайды – 3 856,1 млрд. теңге, сосын **қара металлургия** өндірісі – 2 249,3 млрд. теңге.

Металл кенін өндіруде негізгі үлесті **түсті кен өндіру** құрайды – 1 806,4 млрд. теңге және одан кейін **темір кенін өндіру** – 835,5 млрд. теңге.

«Металл кенін өндіру» ФКИ 2021 жылғы қаңтар-қазанда 104,1% құрады. «Темір кенін өндіру» ФКИ 102,2% құрады.

Сектордағы оң динамика «темір кені (102,0%)» және «марганец кенін (154,8%)» өндіруді ұлғайту нәтижесінде қол жеткізілді. **«Түсті металл кен өндіру» ФКИ 104,7% дейін өсті.** Сектор ФКИ өсуі негізгі түсті кен өндіру ФКИ ұлғаюы есебінен қалыптасты: мыс (113%), алюминий (114,5%), алтыннан тұратын (127,0%) және қорғасын-мырыш (143,5%).

Түсті металлургиядағы ФКИ төмендеуі (97,4%) бастапқы алюминий (98,9%), тазартылмаған өңделмеген қорғасын (92,1%), және тазартылған өңделмеген мыс (88,4%) ФКИ төмендеуі есебінен болды.

Өңделмеген металдар бойынша оң ФКИ мәндері: күміс (100,1%), алтын (103,3%) және мырыш (105,0%) саланың оң көрсеткіштеріне алып келмеді.

Қара металлургия ФКИ негізгі өсуі (102,3%) шойын (113,3%), тазартылмаған болат (115,1%), жазық прокат (113,2%), қоспасыз болаттан жасалған сабақтар мен шыбықтар (108,7%) және қосындыланған болат (107,2%), әр түрлі диаметрлі құбырлар (118,5%) оң КИ нәтижесінде тіркелді. Сонымен қатар, ферроқорытпа (92,4%), тазартылмаған болаттан жасалған қырлы табақтар (86,4%) және қапталған болат табақтан жасалған сэндвич панельдер (82,5%) өндірісінің төмендеді.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте **металлургия өнімінің экспорты** 9 144,8 млн. АҚШ долл. құрап, 25,3% өсті, соның ішінде, қара металлургия – 3 575,2 млн. АҚШ долл., түсті – 5 569,6 млн. АҚШ долл.

Өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда қара металлургия экспортының көлемі 49,9%, түсті металлургия экспортының көлемі 13,3% өсті.

Металлургия өнімі **экспортының құндық құрылымында** құн бойынша негізгі көлемді ферроқорытпа (18,4%), жазық прокат

(15,6%), күміс (5,9%) және мырыш (5,2%) құрайды. Металлургия өнеркәсібі экспортының өсуі жіксіз құбырлар, металл құрастырылымдар, плоского прокат және алтын экспортының физикалық және құндық көлемінің ұлғабы есебінен қамтамасыз етілді.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР металлургия өнімін негізгі сату нарықтары Қытай (33,6%), Ресей (20,7%), Түркия (7,7%) және Ұлыбритания (6,3%) болды.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда **металлургия өнімі импорты** 13,9% өсті және 2 230,4 млн. АҚШ долл. құрады, соның ішінде, қара металлургия – 1 726,0 млн. АҚШ долл., түсті – 504,5 млн. АҚШ долл.

Металлургия өнеркәсібі импортының өсуі дәнекерленген құбырлардың, жазық прокат және шыбықтардың құндық және физикалық көлемінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

Металлургия өнімі **импортының құндық құрылымында** 2021 ж. қаңтар-қыркүйекте металл құрастырылым (29,3%), шыбықтар (18,1%), жазық прокат (16,1%) және алтын (12,7%) басым.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР-да металлургия өнімін негізгі жеткізушілер Ресей (84,7%), Қытай (6,3%), Өзбекстан (2,0%) және Жапония (1,0%).

2021 жылғы 9 айда ҚР-да металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 8,9 млрд АҚШ долл. құрады, онда, ОТӨ үлесі 65,7%, импорт өнім үлесі 34,3%.

Сала 3 өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары. ҚР металлургия өндірісінің құрылымында Қарағанды облысының үлесі 35,7%, ШҚО – 19,0%, Павлодар облысы – 14,9% құрайды.